

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Үш мәтін және империализм сыны





**Мақсаты:** Гаятри Чакраворти Спивактың «Әйелдік үш мәтін мен империализмді сынау», Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр», Джин Ристің «Үлкен Саргасс теңізі» және Мэри Шеллидің «Франкенштейн» романдарына жасаған салыстырмалы талдауымен танысу.

**Тірек сөздер:** нәсілшілдік, империализм, колониализм, роман, әдебиет, индивидуализм, феминизм, құбыжық, өзге т.б.

Біз американ ғалымдары Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясын қарастыруды жалғастырамыз. Бұл дәрісте осы басылымдағы тағы бір автормен таныспақпыз. Ол – Гаятри Чакраворти Спивак, постструктуралистік әдебиет теориясының маманы, постколониализм бағытындағы бірқатар еңбектердің авторы. Біздің әңгімемізге оның «Әйелдік үш мәтін мен империализмді сынау» жайлы эссесі арқау болады.

1986 жылы жарияланған бұл эсседе ғалым американ феминистерін Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр» романындағы Берта Мейсонның тұлғасын қабылдамағаны үшін сынға алады. Тек сынап қана қоймай америкалық феминизмінің либералды индивидуализміне өз тарапынан балама ұсынады. Сол арқылы империализм мен колониализмнің тарихи ақиқатын ескеретін пікірді алға тартады.

Гаятри Спивактың пікірінше, XIX ғасырдағы британ әдебиетін империализмді, Англияның әлеуметтік миссиясын ескерместен оқу мүмкін емес. Англияның әлеуметтік миссиясы – ағылшындардың мәдени таным-түйсігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол әдебиеттің мәдени түсініктерді қалыптастырудағы рөлін елемеге болмайды деп есептейді. Алайда осы факт XIX ғасырдағы британ әдебиетін зерттегенде мүлде ескерілмейді.

Бұл фактілер империализм дәуіріндегі британ әдебиетін ғана емес, бүкіл Еуропа әдебиетін зерттеу барысында әдебиет тарихында «дүниені сезіну» туралы түсінікті қалыптастыруға септігін тигізеді. Оны бүгінде біз «үшінші әлем» деп атаймыз. Спивактың тұжырымдары феминистік сынды белгілі бір деңгейде империализмнің қолшоқпары болып отыр дегенге саяды. Әйелдердің қаламынан туған әдеби туындыларға деген шексіз таңданыс Еуропа мен Америка Құрама штаттарында феминистік норманы қалыптастырды.

Соңғы бірнеше онжылдықта феминистік сынның бағыты ішкі және сыртқы сыншылардың әсерінен біршама өзгерістерге ұшырағанын да осы тұста айта кеткен абзал. Психоанализ, марксизм, постструктурализм, этникалық зерттеулер, отарлау дәуірінен кейінгі зерттеулер теориясы, квир-теориясы сияқты зерттеулердің феминистік әдебиетпен ара-қатынасы бүгінде салалық тұрғыдан әбден шатасуға, зерттеушілік нысан тұрғысынан жүйесіздікке ұшырады. Өзінің «Әйелдік үш мәтін және империализм сыны» эссесінде Г.Ч. Свивак «үшінші әлемнің» «дүниені сезіну» қызметін қарастырады. Талдау пәні ретінде ол Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр», Джин Ристің «Үлкен Саргасс теңізі» («Антуанетта») және Мэри Шеллидің «Франкенштейн» романдарының үш мәтінін іріктеп алған. Автор «Джейн Эйр» романының құрылымдық механизмдеріне анықтама беріп, оның таңдалған романдармен байланысын сипаттайды.

Ол «Үлкен Саргасс теңізіне» қалай талдау жасағанын, феминистік романдар «Джейн Эйр» мен «Франкенштейннің» мәдени жағын қалай қарастырғанын, тіпті «дүниені сезіну» ұғымын қалай деконструкциялағанын жазады.

Свивак өзінің зерттеу нысаны – автор емес, кітап екенін ерекше атайды. Ол автор мен оның мәтінінің айырмашылығы бар екенін түсіну үшін деконструкциялау сабақтарын ескермеу керектігін айтады. Деконструктивті сыни тәсіл кітаптың құрылымын бұзып, вербалды мәтін мен Шарлотта Бронтенің өмірбаяны арасындағы қайшылықты жоятынын жақсы түсінеді. Свивак Ш. Бронтенің романын оқуы белгілі бір шығармашылық тұлғаның мәртебесін бұзу ниетінде болмағанын айтады. Бұлайша айтуының себебі де жоқ емес, өйткені американдық феминистер Свивактың «Джейн Эйр» романының субъективтілігін бағаламағанын байқаған. Свивак империализм дәуіріндегі феминистік индивидуализм үшін адамның табиғаты, тәні мен рухының қалыптасуы басты назарда болғанын жазады. Адамның осы екі құрылымдық ерекшелігі екі арна арқылы қалыптасады. Біріншісі – үй-қоғам-баланы дүниеге әкелу махаббатпен, қарым-қатынастармен байланысты жүзеге асады. Екіншісі – империалистік жоба, қоғам арқылы әлеуметтік миссияны қабылдау.

Спивак романның кейіпкерлеріне өзгеше қарап, олардың адами тұлғасы мен жеке тұлғалығының екі арнамен қалыптасуына көңіл бөледі: отбасы (немесе оның орнын басқан құндылық) және қоғам (саяси немесе империялық).



### «Джейн Эйр»

Романның алға жылжуын отбасы/контр-отбасылық тандемді орналастыру арқылы айқындауға болатынын жазады. Романда оқырман, біріншіден, стандартты отбасы – Ридтер және Джейнмен (марқұм мистер Ридтің жиені) танысып, оларды контр-отбасы мүшелері деп таниды. Екіншіден, Брокльхерстер отбасы – Джейнді жіберген мектептің басшылары. Бұл отбасы, әсіресе, мисс Темпл, Элен Бёрнс Джейннің контр-отбасы болып саналады. Үшіншіден, Рочестер мен ақыл-есінен айрылған миссис Рочестер – стандартты отбасы, ал Джейн мен Рочестер – заңсыз контр-отбасылар ретінде қабылданады. Басқа мәліметтер осы реттіліктің тақырыптың тізбегіне қосымша болып саналады: Рочестер мен Селина Варанс – құрылымдық-функционалды контр-отбасы ретінде; Рочестер мен Бланш Ингрэм – заңдылықтың диссимильациясы ретінде т.б. Осы кезеңде Джейн контр-отбасынан стандартты отбасыға өтеді. Келесі реттілікпен Джейн Риверстер – ағалары мен сіңлілерінің толық емес қауымдастығынан толық отбасыны құрастырады. Кітаптың соңғы реттілігі – Джейн, Рочестер мен олардың балаларының отбасылық қауымдастығы.

Джейн контр-отбасынан стандартты отбасыға қалай жеткен? Империализмнің белсенді идеологиясы дискурсивті өрісті қалыптастырады.

Империалдық басып алу бұл жерде тозақ ретінде суреттелген: «Бір күні түнде мен қатты айғайдан шошып ояндым (дәрігерлер оны ессіз деп тапқанда, қамап қоюға мәжбүр болдым). Бұл түн – вест-индиялық түннің бірі болатын» немесе «Бұл өмір, – дедім өз-өзіме, – нағыз тозақтың өзі. Бұл ауа, бұл дыбыстар – тұңғықтың тудырғаны. Күшім келсе, олардан құтылуды армандаймын. Рухымды қысып тұрған мына тәннен құтылсам, менің қиыншылығым аяқталады. Мен фанатиктер қатты сенетін мәңгілік оттан қорықпаймын: бұдан өткен қиындық болмайды деп білемін. Бұл жерден кетемін де, өзімнің көктегі әкеме кетіп қаламын».

Осы әлемге, колонияға империалдық әлем қарама-қайшы қойылған: «Еуропадан есіп тұрған балғын теңіз лебі менің тереземнен ішке енді. Найзағай жарқылдап, жаңбыр тамшылары тамды. Күн күркіреп, жай түсті, – ауа тазарып сала берді».

Свипак XIX ғасырдың феминистік индивидуализмді үлкен жоба деп есептейді. Бұл жоба – жанның қалыптасуын, қарапайым ғана жыныстық көбеюді білдіреді. Мұндағы субъект – жыртқыш жануар емес, категориялық императивтің терроризмі болып табылатын объект.

Кант категориалды императивке анықтама беріп, оны таза сана арқылы қалыптасқан әмбебап рухани заңдылық деп қарайды: «Билікке қолы жеткен біреудің таңдағаны тек құрал ретінде қолданыла алады; бір адам, онымен бірге әрбір тірі жаратылыс – оның жаратушысы саналады. Осылайша, мұндай алмасу діннен философияға алмасу болып табылады» деп жазады әйгілі пәлсафашы.

Кант «категиориалдылықты» белгілі бір іс-әрекеттерде көріне алмайды деп есептейді. Алайда философияның қауіпті трансформациялық күші – оның кейбір тұстарын мемлекеттік қызметтердің пайдалана алуынан көрінеді. Категориалды императив – империалдық жобаны ақтап ала алады. Сөйтіп мынадай формуланы қалыптастырады: пұтқа табынушыны адамға айналдыру. Бұл жоба «Джейн Эйрде» тангенс ретінде сипатталған. Тангенс – Сент-Джон Риверс туралы баяндау.

Романның соңында христиан психобиографиясының аллегориялық тілі – империалистік жобаның қолжетімді еместігін білдіреді. «Джейн Эйрдің» соңғы үзіндісінде Сент-Джон Риверстің орны анықталады. Иглтон оған назар аудармайды, бірақ романның идеологиялық лексикасымен келісіп, Сент-Джон Риверстің батылдығын оның Калькуттаға өлім құшатынын біле тұра аттануымен идентификациялайды. Гильберт пен Габар «Джейн Эйрді» «Қарапайым Джейннің сапары» деп атап, оны еркек кейіпкер әйел кейіпкермен ауысқан роман деп қабылдайды.

Оның алдында Сент-Джон Риверс жобаны ақтап алады: «Бас тарту? Қалайша? Менің шақыруымнан бас тарту? Менің ұлы ісімнен? Көктегі қасиетті орынның жер бетіндегі фундаментінен? Білімді надандық патшалығына, наным-сенімнен дінге, тозақтағы қиындықтан көктегі берекетке апаратын ұлы ұмтылысқа біріккен атаққұмар жандардың ортақ үмітінен? Осының бәрінен бас тарту? Бұл мен үшін – ең маңыздысы, тіпті тәнімдегі қаннан да маңызды. Бұл – менің алға қойған мақсатым, өмір сүруімнің мәні». Империализм мен оның территориалды



және субъективті-білімдік жобасы, Свивактың ойынша, осы оппозициялардың күштеп жасалған деконструкциясы болып саналады.

«Үлкен Саргасс теңізі». Доминиканның Кариб аралында дүниеге келген Джин Рис балалық шағында «Джейн Эйрді» оқып, Берта Мейсонға тәнті болғанын былай жазады: «Өскенде, оның өмірін жазып шығамын деп ойладым». «Үлкен Саргасс теңізі» – вест-индиялық жазушы Ристің ұзақ мансабының соңына қарай 1965 жылы жарияланған роман ретінде Берта Мейсонның өмірін суреттеді. Бұл постколониалды параллель роман Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйр» романының приквелі болып бағаланады. Романның басты кейіпкерлері – Антуанетта немесе Берта Мейсон. Д. Рис Антуанеттаның монастырлық мектепте өткен балалық шағы мен тәрбиесін Ш. Бронте Джейн Эйрдің балалық кезін суреттегені секілді сипаттайды.

Свивактың ойынша, ол Бертаның «Джейн Эйр» романындағы іс-әрекеті адам мен жануар арасындағы шегараны қайта қалпына келтіруі керек. Рис «Джейн Эйрдегі» Джейннің «ырылдаған, қорқынышты, құдды бір ырылдаған иттің дауысы сияқты дыбысты» естіген кезін, одан ары қансыраған Ричард Мейсонды көріп қалғанын көшіріп алған. «Антуанетта» авторы Бертаның адами тұлғасы мен саналылығын сақтап, суреттейді. Грейс Пул – «Джейн Эйрден» көшірілген тағы бір кейіпкер. «Үлкен Саргасс теңізі» романында Бертамен арасындағы жағдайды былайша сипаттайды: «Демек, сіз мына мырзаға пышақ таянғаныңыз есіңізде жоқ па?... Мен оның айтқанының барлығын естіген жоқпын, тек «мен «заң бойынша» сіз бен күйеуіңіздің арасына түсе алмаймын» дегенін құлағым шалды. «Заң бойынша» деген кезде, сіз оған тап бердіңіз».

Рочестердің Антуанеттаны Берта деп күштеп атағанын сөз ете отырып, Рис адами және тұлғалық сәйкестендіру секілді құбылыстар империализм саясатының бір бұтағы болғанын жазады. Ақ нәсілді креол бала ретінде Антуанетта Ямайкада дүниеге келіп, бой жетіп, ағылшын империализмі мен қара нәсілді жергілікті тұрғындардың құрбанына айналған. Антуанеттаның жетілуін сипаттай отырып, Рис нарциссизм сарынын қолданған.

Мәтінде айналық бейнелеу көп кездеседі. Тия – Антуанеттаның досы, қара нәсілді кішкентай қызметші қыз. Оған қарап отырып, басты кейіпкер: «мен оның бойынан өзімді таныдым. Айнаға қарап тұрғандай», – дейді.

Түстердің реттілігі бұл айналық бейнені күшейте түскендей. Екінші жағдайда, бұл түс – жабық бақшада өрбиді. Жабық бақша – махаббатпен кездесу орны. Мұнда Антуанетта махаббатын емес, қорқынышты дауысты кездестіреді. Дауыс оған «кір» деп, түрмеге шақырып тұр. Махаббаттың артында түрме жасырынып тұр. Шындығында Антуанетта махаббатын емес, махаббаттың астарында жасырынған абақтымен жолықты.

Овидийдің «Метаморфоза» еңбегінде Нарцистің ессіздігі өзінің Басқа бейнесін «мен» деп танығанда ашыла түседі. Рис Антуанеттаға әлгі Басқаға қарағандай қабылдауды күштейді. Яғни Ш. Бронте романындағы Берта мен Рочестерден ақша алып, ессіз Антуанеттаға айналуы. «Антуанетта» романының соңғы бөлімі «Джейн Эйрдің» эпилогына ұқсап, аяқталады: «Мен залға қолыма ұзын шамды ұстап, қайта кірдім. Міне, осы кезде мен оны – елесті көрдім. Шашы жалбыраған әйелді. Ол алтын жалатылған түтін шеңберінің ішінде тұрды. Бірақ мені оны танымадым».

Алтын жалатылған шеңбер – айна: Нарцистің жүгені өзін Басқа етіп бейнелесе, осы жүген оны өзіне ұқсатқан.

«Бұл түсті мен үшінші рет көрдім, ақыры аяқталды... Мен Тияны өзіме шақырдым (Басқаны өзіне шақырған) да, бір секіріп, ұйқымнан оянып кеттім». Кітаптың соңында Антуанетта/Берта былай дейді: «Ақыры, мені мұнда не үшін шақырғанын, және не істеу керектігімді түсіндім». Қиялдан туған Англияда ол өзінің рөлін атқарып, өз «менін» қиялдан туған Басқаға трансформациялап, үйді өртеп, өзін-өзі өлтіріп, Джейн Эйрді феминистік индивидуалды кейіпкерге айналдыру мүмкін болған. Свивак бұл аллегорияны империализмнің эпистемиологиялық қорлығы ретінде сипаттайды. Джин Рис колониядағы әйел әпкесінің қалыптасуы үшін құрбандыққа бармайтынын көреді.

«Үлкен Саргасс теңізі» – Антуанеттаның қара нәсілді тәрбиешісі Кристофина дискурсының шеңберінен шығады. Кристофина – Ямайкада туылмаған, ол Мартинакадан келген. Жалпы алғанда, ол мейірбан құл болып саналады.



Кристофина – мәтіндегі ең бірінші сөйлейтін субъект. «Ямаиканың әйелдері менің анамды ешқашан ақтамады, «себебі ол өте сүйкімді болатын», – деді Кристофина кітаптың бірінші абзацында.

Кристофина – тауарға айналған адам. «Ол мен үшін әкемнің тойыма сыйлаған сыйлығы болатын», – деп түсіндіреді Антуанеттаның анасы. Рис болса, Кристофинаның релі маңызды екеніне назар аударады. Кристофина алғашқы ғұрыптық тәжірибелер мәдениетке тән болғанын, ақ нәсілділер оларды әлеуметтік зұлымдық деп немесе Рочестердің Антуанеттаға деген махаббатының жоқтығын сипаттай алмайтынын айтады. Рис Рочестердің іс-әрекеттеріне терең талдау жасау керек деп есептейді: «Ол креолдық қыз еді, оның бойында күн жарқыраған болатын. Қазір шындықты айтшы. Ол сенің Англиядағы үйіңе келіп, өзіне үйленуін өтінді ме? Жоқ, сен оның үйіне келіп, одан тұрмысқа шығуын өтінді. Ол сені ессіз сүйеді, қолындағысын түгел тек саған береді. Себебі сені өзіңікі деп көреді. Енді сен болсаң, оны сүймеймін деп, жанына жара салып жатырсың. Оның ақшаларын қалай пайдаланып жатырсың?».

Шындығында, Рис ессіз әйелдің еркекке тап берген сәтін көшіріп алып, «заңды» шектен тыс қолданып, «үшінші әлемнің әйелін қалыптастыруға» тырысқан. Империализмнің кейінгі кезеңдерінде – конституциялық колониалды субъект мықтап орныққан кезде – салыстыру жасауға болады. Мәселен, В. Вульфтың «Мисси Дэллоуэй» романындағы бей-берекет Үндістан мен Үндістанда 1920 жылдары жарық көрген әдеби мәтіндер арасында. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы империализм өзінің дұрыстығын әлі түсінген жоқ, бұл әдебиет пен әдебиет сынынан айқын көрінеді. XIX ғасырдағы контексті анықтау үшін әдеби сыншы империялық биліктің мұрағатына жүгіну керек болады.

«Франкенштейн» романы жайлы автор арнайы тоқталады. Свивак Мэри Шеллидің «Франкенштейн» романын қарастырып, феминизмнің жасырын мәтінін табуға тырысады. Барбара Джонсонның қысқаша зерттеуі феминистік автобиография көмегімен феминистік мәтіннің қыр-сырын ашуға тырысады.

Г.Ч. Свивак «Франкенштейн» романын ағылшын мәдени сәйкестігін сезіну үшін қолдану керектігін айтып, эссесіне арқау етеді. Бұл контекстен «Франкенштейн» романы адамның қоғамда пайда болуы мен эволюциясына арналған секілді көрінгенмен, онда империализмнің аксиоматикасы мүлдем жоқ екенін байқаймыз.

Свивак «Франкенштейнде» кездейсоқ империялық пікірлер көп айтылғанын ескертеді. Оның ойынша, осы эсседе империализмнің дискурсивті өрісі идеологиялық арақатынасын тудырмайды. Алайда империализмнің дискурсы Шеллидің романында айқын сипатталғанын Свивак кейінгі тарауларында сөз еткен.

«Франкенштейн» – еркектер мен әйелдер индивидуализмінің күрес алаңы емес. Бұл – Виктор Франкенштейннің лабораториясындағы бинарлы оппозиция. Франкенштейннің антогонисі – адам баласын жаратушы Тәңір, алайда оның бәсекелесі – балаларды дүниеге әкелуші әйел.

Виктор Франкенштейн философияны жаны сүйеді, ол үш кантиандық субъект бір-бірімен үйлесімді байланыса алмайтынын дәлелдейді. Франкенштейн адами субъект философиядан қалыптасады деп біледі. Өзінің ойынша: «Ессіз ақымақтыққа шалдыққанда, мен осындай саналы жаратылысты өмірге әкелгем».

Свивак мұндай интерпретациялар Шарлотта Бронтені империялық көңіл күйді жасырды деп айыптауға келмейді, сондықтан Мэри Шеллиді қолдау керек деген ой туындамауы қажет деп жазады. Бұл мәтіндерді империализм тұрғысынан оқуға болады. Бұл тәсіл оқырман аудиториясының мүдделерін трансформациялауға мүмкіндік береді.

«Франкенштейн» бірнеше шеңберлер аясындағы эпистолярлы дәстүрде құрастырылған. Шеңберлердің көптігі – құбыжықтың адамға айналу үшін білім алуы туралы әңгімелеу. Құбыжық «Жоғалған жәннатты» (Мильтон) немесе «Салыстырмалы өмірдеректер» (Плутарх), «Көне республикалардың алғашқы негізін қалаушылардың тарихын» шынайы тарих ретінде оқиды. Оның білім алуы Вольнейдің «Империялардың үйінділері» арқылы өтіп, Француз империясының бейнесі ретінде суреттеледі.

Құбыжық христиан дінін қабылдаған араб-әйел Феликс Сафиенің дәрістерін тыңдап, білімін жетілдіре түседі. Сафиені суреттей отырып, Шелли XVIII ғасырдағы либерализмнің кейбір тұстарын пайдаланады. Бүгінде бұл либерализм былайша бөлінген: Сафиенің мұсылман әжесі христиан діни наным-сенімінің құрбаны болған, соған қарамастан өзі де қатыгез және



ұятсыз кісі болыпты. Шелли оның бойындағы Басқаны көруге тырысады. Кейіпкерлердің арасында Сафиенің христиан дінін қабылдаған анасы Джин Ристің кейіпкерлер тобына кіреді – Антуанеттаға ұқсайды. Мейірбан қызметші Кристофинаның бейнесі секілді, Сафие бейнесі де «Франкенштейнде» сол күйі аяқталмай қалған.

Шеллидің Франкенштейні құбыжықты тірілтіп, оны адам етуге тырысып, заңды аттап кетеді. Ақыр аяғында, оқырмандардың көпшілігі адамдардың индивидуалдығы романнан ақырындап шеттеліп қалғанын көреді. Құбыжық, Франкенштейн, Уолтен – бірін-бірі алмастырып тұрған кейіпкерлер.

Франкенштейннің тарихы өліммен аяқталмайды; Уолтен өзінің тарихын жазушының хатымен аяқтайды. Соңғы бөлігінде ол философқа айналып, Франкенштейннен үлгі алады. Мәтіннің соңында құбыжық өзінің Жаратушы алдындағы кінәсін мойындап, өзін құрбандыққа шалып, мұз суға тұншықпақшы болады. Оның өрт жасап, өлгенін көрмейміз – мәтін өзін-өзі жандырумен аяқталмайды.

Свивак ұсынған аллегория шеңберінде ағылшын ханымының да, құбыжықтың да бейнесі сол күйі аяқталмай қалған. Бұны XIX ғасырдағы ағылшын романдарындағы соңғы шешім ретінде қарау постколониалды оқырмандарды қанағаттандырады.

Свивактың біз сөз етіп отырған еңбегінде еуропалық романтикалық дәстүр кеңейе түскен: «Джейн Эйр» романындағы Берта Мейсонның өзін-өзі өртеуі «жақсы әйел» екенін көрсетеді. Бұл дәстүрдің мәні екінің біріне түсінікті бола бермейді. Себебі Үндістандағы британ билігі кезінде жесір әйелдер өзін-өзі өртеп, қайтыс болған күйеуіне адал екенін дәлелдейтін болған. Свивак өз ойын қорыта келе империализмнің сыны романдарды оқу, түйсіну саясатын мейлінше кең ауқымда қарауға мүмкіндік береді деп түйіндейді.

### Тақырыпты бекітуге арналған тақырыптар:

1. Гаятри Чакраворти Свивактың өзі таңдаған романдардың кейіпкерлерін талдау тәсілінің ерекшелігі неде?
2. Империялық идеологияның кейіпкерлердің тағдырына әсері қандай?
3. Г.Ч. Свивак ұсынған талдау американдық әдебиеті туралы түсінікті неге және қалай өзгертеді?

### Әдебиеттер:

1. Spivak Gayatri Chakravorty. Three Women's Texts and a Critique of Imperialism// Race, Writing and Difference. – Chicago: University of Chicago Press, 1987.
2. Brontë Charlotte. Jane Eyre. – New York, 1960.
3. Rhys Jean. Wide Sargasso Sea. – Harmondsworth, 1966.
4. Shelley Mary. Frankenstein, or The Modern Prometheus. – New York, 1965.
5. Бронте Шарлотта. Джейн Эйр. – М.: Правда, 1988.